

Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2016 жылғы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2016 жылғы 5 мамырдағы № 24 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 мамырда № 6401 болып тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 18 – бабының 8 - тармағына сәйкес, Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2016 жылғы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екінші сессия төрағасы,
аудандық мәслихаттың хатшысы*

А. Тюлюбаев

"Қарабалық ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы
Г. Есенова